



GRI 2-29
GRI 413-1

4-қосымша. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тәсілі

Негізгі мүдделі тараптар топтары	Мүдделі тараптардың күтулері	Өзара әрекеттесу арналары	Жиілік	Есепті жылдағы негізгі өзара әрекеттесу әрекеттері/2024 жылдың негізгі оқиғалары
Жалғыз акционер	- Стратегиялық мақсаттарды іске асыру; - тиімділікті арттыру және ҚНҚ-ға қол жеткізу; - халықты жұмыспен қамтуға әсері; - қатысу аймақтарын қолдау.	Ағымдағы әрекеттер туралы есептерді жариялау.	Тұрақты түрде	«Самұрық-Қазына» АҚ Жалғыз акционерге 1,4 трлн теңге жіберді. Олардың ішінде: 737 млрд теңге - республикалық бюджетке дивидендтер түрінде төленді; 568 млрд теңге - Үкімет тапсырмасы бойынша әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға; 50 млрд теңге - «Қазақстан Халқына» ҚҚ-ға бөлінді. - Жалғыз акционер 2023 жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекітті.
Мемлекеттік органдар	- Нормативтік талаптарды сақтау және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру; - Қордың қатысу өңірлерін дамытуға қосқан үлесі; - халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және кәсіпкерлікті қолдау.	- Жұмыс топтарына, конференцияларға қатысу; - серіктестіктер құру, бірлескен жобаларға қатысу; - кеңестер, кездесулер, форумдар, семинарлар, презентациялар өткізу; - іскерлік хат алмасуды жүргізу және электрондық таратуды жүзеге асыру; - Компанияның корпоративтік сайтында ақпаратты орналастыру; - БАҚ және интернет желісінде жариялау; - Ағымдағы қызмет туралы есептерді жариялау; - Мемлекеттік органдарға есеп беру.	Қажет болған жағдайда	- Премьер-Министрдің және ҚР Президенті Әкімшілігінің нұсқаулары шеңберінде ҚР Білім министрлігімен және облыс әкімдіктерімен бірлесіп «Жайлы мектептер» ұлттық бағдарламасын іске асыру жалғасты. 2024 жылы ҚР аумағында 104 жаңа мектеп салынды. - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп келесі жобалар іске асырылды: «Достық-Мойынты» (836 шақырымға қайта жаңарту, өткізу қабілеті 2,7 есеге ұлғайтылды); «Алматыны айналып өтетін айналма теміржол желісі» (торапты 25%-ға түсіру); «Дарбаза-Мақтаарал» (Өзбекстанмен шекаралас аймақтағы жаңа желі). - Әкімдіктермен және жұмыспен қамту орталықтарымен бірлесіп іске асырылған бағдарламалар: - Субсидияланатын жұмыс орындарының бағдарламасы. 2024 жылы 4000-нан астам адам жұмысқа орналасты; - Маңғыстаудағы «Жарқын Болашақ» бағдарламасы: 1500 оқушыға кәсіптік бағдар мен гранттар беру.
Қызметкерлер	- Қауіпсіз еңбек жағдайлары; - бәсекеге қабілетті жалақы; - кәсіби өсу; - сапалы әлеуметтік пакет.	- Ұжымдық шарттар жасасу; - корпоративтік журнал шығару және ішкі корпоративтік әлеуметтік желілерді жүргізу; - басшылықпен және менеджментпен кездесулер өткізу; - Жедел желі арқылы түскен өтініштерді қарау.	Тұрақты түрде	«Самұрық-Қазына» Қорында өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамытудың жаңа корпоративтік Стратегиясы бекітілді. «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» оқу курсы бойынша 120 мыңнан астам өндірістік қызметкер оқытылды. 2024 жылы Samruk Business Academy (SBA) аясында Қордың 27 мыңнан астам қызметкері оқытылды. - Жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасында тиімді коммуникацияны қамтамасыз ету үшін әлеуметтік-еңбек қатынастарының проблемалары мен мәселелерін жедел анықтауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ жанжалды жағдайларды тез шешуге ықпал ететін әлеуметтік тұрақтылықты мониторингтеу жүйесі – «Нысана» қолданылады. - IR-менеджерлерін оқыту мақсатында Samruk Business Academy және ӘӨКО-мен бірлесіп «IR School» модульдік бағдарламасы әзірленді. - Қараша айында өндірістік қауіпсіздік жөніндегі Жас қызметкерлер орталығы іске қосылды. - Сұхбаттасу платформасы аясында «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобы кадр бөлімінің қызметкерлері кәсіби қоғамдастығы үшін HR-connect өтті. - Жас мамандарды оқыту және қолдау үшін жастар форумдары өткізілді. Толығырақ – «Біздің адамдар» бөлімінде.



Негізгі мүдделі тараптар топтары	Мүдделі тараптардың күтулері	Өзара әрекеттесу арналары	Жиілік	Есепті жылдағы негізгі өзара әрекеттесу әрекеттері/2024 жылдың негізгі оқиғалары
Портфельдік компаниялар	- Стратегиялық мақсаттарды айқындау; - ESG мақсаттарын айқындау; - корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру.	- Кеңестер, кездесулер, презентациялар өткізу; - іскерлік хат алысуды жүргізу және электрондық таратуды жүзеге асыру; - сұхбаттар, консультациялар, фокус-топтар, форумдар, презентациялар өткізу; - Қордың корпоративтік сайтында ақпаратты орналастыру; - Корпоративтік омбудсмендер кеңесінің жұмыс істеуі, онда портфельдік компаниялардың Омбудсмендері тәжірибе алмасады және тәжірибедегі негізгі жағдайларды қарастырады.	Тұрақты түрде	- Директорлар Кеңесінің отырыстары шеңберінде потфельдік компаниялармен тұрақты өзара әрекеттесу. - Корпоративтік омбудсмендер кеңесінің отырыстары аясында бизнес-тренерлер мен сарапшыларды шақыра отырып, оқыту бағдарламалары өткізілді. - Қордың және портфельдік компаниялардың қызметі туралы Есептерді тыңдау нысанында «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық Кеңесінің отырыстары үнемі өткізіліп тұрады, бұл қоғамдық бақылаудың тиімді тетігін қамтамасыз етеді. 2024 жылы екі портфельдік компанияда ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан аудиттер жүргізілді, олардың нәтижелері бойынша ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша ұсынымдар әзірленді. - Портфельдік компаниялар «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «QazaqGaz» ҰК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ және «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС гендерлік теңдікті дамыту туралы меморандумға қол қойды.
Қоғамдық (үкіметтік емес) ұйымдар, бірлестіктер	- Әлеуметтік саланы қолдау; - халыққа қосалқы есеп беру; - әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер; - аймақтық даму.	- Қордың корпоративтік сайтында ақпаратты орналастыру; - БАҚ және Интернет желісінде жариялау; - онлайн кері байланыс тетіктерін пайдалану; - ағымдағы әрекеттер туралы есептерді жариялау.	Қажет болған жағдайда	- Қор гендерлік теңдік мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиямен тұрақты негізде ынтымақтасады. - Ұлттық комиссиямен бірлесіп «Гендерлік теңдік» мемлекеттік қатысатын компаниялардың басшы органдарында әйелдердің үлесін арттыру бағдарламасы іске асырылды. 2024 жылы ЖЭК-ті CPIDt Ltd., CPIH Ltd. және «Қазақстанның жаңартылатын энергетика қауымдастығы» ЗТБ-мен біріктіру кезінде электр энергиясын сақтау жүйелерінің бірыңғай энергетикалық жүйені реттеуге әсерін зерттеу үшін «ҚР БЭЖ-де электр энергиясын сақтау жүйелерін енгізу» пилоттық жобасын іске асыру жалғастырылды. 2024 жылы Қор БҰҰДБ-мен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Келісім шеңберінде Қызылорда облысы халқының әлеуметтік осал санаттарынан шыққан 100 жас адамға арналған жоба іске асырылды. - БҰҰ-ның жаһандық шартына мүшелік - 2024 жылы «QazaqGaz» ҰК» АҚ БҰҰ-ның Жаһандық шартына қосылды. - Салалық форумдарға, конференцияларға қатысу. «Самұрық-Қазына» АҚ делегациясының Баку қаласында БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі 29-шы конференциясына (COP-29) қатысуы. - Портфельдік компаниялардың БҰҰ Жаһандық шартының «SDG Ambition» бағдарламасына қатысуы.



Негізгі мүдделі тараптар топтары	Мүдделі тараптардың күтулері	Өзара әрекеттесу арналары	Жиілік	Есепті жылдағы негізгі өзара әрекеттесу әрекеттері/2024 жылдың негізгі оқиғалары
Инвестициялық қауымдастық және несиелік рейтинг агенттіктері	- Қаржылық және қаржылық емес ақпаратты ашу; - инвестициялық жобаларға; - жекешелендіру және IPO; - климаттық және «жасыл» қаржыландыру; - Қазақстандағы Қордың басым инвестициялық жобаларын қаржыландыру.	- Ағымдағы қызмет туралы есептерді жариялау; - инвестициялық кездесулер өткізу.	Тұрақты түрде	- Moody’s халықаралық рейтингтік агенттігі «Самұрық-Қазына» АҚ рейтингін Baa1 деңгейінде растады, болжам - «тұрақты». «S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Самұрық-Қазына» АҚ рейтингі бойынша «тұрақты» болжамды растады және Қордың «BBB-» деңгейіндегі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді рейтингтерін растады. 2024 жылғы 18 қарашада Fitch «Самұрық-Қазына» АҚ рейтингтерін «BBB» деңгейінде растады, болжам – «тұрақты». - Қазақстан экономикасын декарбонизациялау жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін жасалған Үкіметаралық Келісімдер (Франция, Италия, БАӘ, Қытай және т.б.) шеңберінде халықаралық көшбасшылармен әріптестікте ЖЭК-тің ауқымды жобалары іске асырылуда. Толығырақ – «Таза ортаға инвестиция салу» бөлімінде.
Қоғам	- Әлеуметтік саланы қолдау; - халыққа қосалқы есеп беру; - әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер; - аймақтық даму.	- Мүдделі тараптармен кездесулер өткізу; - қоғамдық кездесулер мен семинарлар өткізу.	Тұрақты түрде	«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2024 жылғы тұрақты даму саласындағы есебі Қордың сайтында жария түрде жарияланды. 2024 жылы «Samruk-Kazyna Trust» жалпы сомасы 36,7 млрд теңгені құрайтын жобаларға қолдау көрсетілді, оның 22 млрд теңгесі су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету мақсатында Қордың тобының атынан өңірлерге бөлінді. 2024 жылы Қор Үкіметтің тапсырмасы бойынша әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға небәрі 568 млрд теңге бөлді. - Аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған «Жарқын Болашақ» жобасын іске асыру жалғастырылды, оның шеңберінде балаларды ҚР жетекші мектептерінде оқыту үшін гранттар беріледі. 2024 жылы Қордың Директорлар кеңесі экономиканың түрлі салалары үшін маңызды рөл атқаратын 46 ірі инвестициялық жобаның жиынтық сомасы 33,3 трлн теңгеден астам тізбесін айқындады. Жобалардың әрқайсысы Қазақстанның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді.
Медиа	- Жаңалықтардың жариялау; - журналистердің сұрауларына жауап беру; - брифингтер/баспасөз конференцияларын өткізу.	- Баспасөз хабарламаларын жариялау; - ағымдағы қызмет туралы есептерді жариялау; - әлеуметтік желілерді жүргізу; - Қордың корпоративтік сайтында ақпаратты орналастыру; - баспа корпоративтік басылымын шығару.	Тұрақты түрде	- Қор өз жаңалықтарын БАҚ-та, әлеуметтік желілерде, соның ішінде @samrukazynaofficial Телеграм-арнасында үнемі жариялайды. - Қордың және біздің портфельдік компаниялардың қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру мақсатында Қоғамдық кеңес өз жұмысын жалғастыруда. Қордың Қоғамдық кеңесінің әрбір отырысы өзінің ақпараттық ресурстарымен жарияланады, сондай-ақ түрлі БАҚ шақырылады, оқиғалар интернет-басылымдарда да, теледидарда да жарияланады. Корпоративтік сайтта Қордың Қоғамдық кеңесінің беті құрылды, онда оларға берілген барлық ұсынымдар жарияланды. - Сонымен қатар, біз Қор тобы басшыларының қатысуымен баспасөз брифингтерін үнемі өткіземіз, онда олар БАҚ пен жұртшылықтың сұрақтарына жауап береді.



Негізгі мүдделі тараптар топтары	Мүдделі тараптардың күтулері	Өзара әрекеттесу арналары	Жиілік	Есепті жылдағы негізгі өзара әрекеттесу әрекеттері/2024 жылдың негізгі оқиғалары
Мердігерлер мен өнім берушілер	- Сатып алуды жүргізудің ашықтығы; - кедергілерді азайту.	- Ағымдағы қызмет туралы есептерді жариялау; - әлеуметтік желілерді жүргізу; - Қордың корпоративтік сайтында ақпаратты орналастыру; - баспа корпоративтік басылымын шығару.	Қажет болған жағдайда	2024 жылы Қордың сатып алу жүйесін ЕҚДБ және Азия даму банкі ұсынған жетекші халықаралық қаржы институттары алғаш рет озық стандарттар мен тәжірибелерге сәйкес деп таныды. - Қорда және барлық портфельдік компанияларда сатып алу процесін реттейтін Сатып алу тәртібі бар. 2024 жылы Қордың сатып алу тәртібіне отандық тауар өндірушілерге сатып алу процесін жеңілдетуге бағытталған өзгерістер енгізілді. - Қорды Сатып алу тәртібіне сәйкес Мүгедектер ұйымдары (МҚҚ) және ӘҚБ тізіліміне енгізілген мүгедектігі бар жеке кәсіпкерлер сатып алуға қатысу кезінде жеңілдіктер алады.
Бизнес қауымдастығы	- Ұзақ мерзімді келісімшарттарды қолдау бөлігінде сатып алу жүйесін жетілдіру; - әділ баға белгілеу; - бағаның сапаға сәйкестігі және сапаның құннан басымдығы.	- Бизнес өкілдерімен кездесулер өткізу; - Қордың корпоративтік сайтында ақпаратты орналастыру; - іскерлік хат алмасуды жүргізу және электрондық таратуды жүзеге асыру.	Қажет болған жағдайда	- Салалық бірлестіктер мен мамандандырылған ұйымдардың жұмысына қатысу шеңберінде бизнес-қоғамдастық өкілдерімен тұрақты кездесулер. Толығырақ - «Қауымдастықтарға мүшелік» қосымшасынан оқыңыз. 2024 жылы Қор COP-29 аясында инвесторлармен кездесулерге және ынтымақтастық туралы меморандумдарға/келісімдерге қол қоюға қатысты.
Серіктестер	- Ашық сатып алу қызметі; - ұзақ мерзімді тұрақтылық.	- Отырыстар, кездесулер, презентациялар өткізу; - іскерлік хат алмасуды жүргізу және электрондық таратуды жүзеге асыру.	Қажет болған жағдайда	- Салалық бірлестіктер мен мамандандырылған ұйымдардың жұмысына қатысу шеңберінде бизнес-қоғамдастық өкілдерімен тұрақты кездесулер. - Біз экономиканың түрлі салаларын дамыту мақсатында халықаралық серіктестермен серіктестік туралы келісімдер жасадық. Толығырақ - «Қордың елдің әл-ауқатына қосқан үлесі» бөлімінде.